

Бірлескен кәсіпорын құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Өкімі 1994 жылғы 13 қаңтар N 19. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1996.07.25. N 930 қаулысымен.

Ақтөбе қаласы маңындағы бу-газ қондырғылы жаңа электр станциясының құрылысын және Ақтөбе облысының мұнай кен орындарын іске қосуды жеделдету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігінің, Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігінің Кеңқияқ /тұзды/ және Әлібекмола мұнай кен орындарын игеру бойынша "Актюбинск нефть" акционерлік қоғамының, "Тұлпар" мемлекеттік холдинг компаниясының, "Сименс-БМБ" консорциумының және жеткілікті қаржысы мен техникалық мүмкіншіліктері бар, осы мұнай кен орындарын Ақтөбе қаласы маңындағы бу-газ қондырғылы жаңа электр станциясының құрылысына берілген кредиттерді уақтылы өтеу жағдайында игеруге мүдделі басқа да шетел, оның ішінде Россия мұнай компанияларының қатысуымен бірлескен кәсіпорын құру туралы ұсынысына келісім берілсін.

2. Ақтөбе облысындағы Кеңқияқ /тұзды/, Әлібекмола және Оңтүстік Қаратөбе мұнай кен орындарын іске қосу үшін шетел компанияларын таңдау бойынша бұрын жарияланған тендердің күші жойылсын.

3. Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі мен Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі бір ай мерзім құрылатын бірлескен кәсіпорынның техникалық-экономикалық негіздемесі мен құрылтай құжаттарын әзірлеу үшін аталған кен орындары бойынша геологиялық-геофизикалық ақпарат пакетін әзірлеп, аталған ақпарат пакетінің құнын осы бірлескен кәсіпорынның жарғылық қорына есептеп оны "Сименс-БМБ" консорциумына беретін болсын.

4. Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі Кеңқияқ /тұзды/ және Әлібекмола мұнай кен орындарын игеруге арналған лицензияны рәсімдесін.

5. Ақтөбе қаласы маңындағы бу-газ қондырғылы жаңа электр станцияның құрылысына және Кеңқияқ /тұзды/ және Әлібекмола мұнай кен орындарын игеруге арналған жобалар бойынша үйлестіру комиссиясының құрамы /N 1 қосымша/ мен Ақтөбе облысындағы Кеңқияқ /тұзды/ және Әлібекмола мұнай кен орындарын бірлесіп игеруге арналған контрактыны әзірлеу жөніндегі жұмыс

тобының құрамы /N 2 қосымша/ бекітілсін.

6. Ақтөбе қаласы маңындағы бу-газ қондырғылы жаңа электр

станциясының құрылысын жеделдетудің аса қажеттігін ескере отырып, аталған құрылыс басым құрылыс деп есептеліп, Қазақстанның Мемлекеттік даму банкісі мен Қазақстанның Эксимбанкіне осы электр станция құрылысын қаржыландыруды қамтамасыз етуге жәрдем жасау ұсынылсын.

Премьер-министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-министрінің
1995 жылғы 13 қаңтардағы
N 19 өкіміне
N 1 қосымша

Ақтөбе қаласының маңындағы бу-газ қондырғылы жаңа электр станциясының құрылысы мен Кеңқияқ /тұзды/ және Әлібекмола мұнай кен орындарын игеруге арналған жобалар бойынша үйлестіру комиссиясының құрамы

Юрьев А.Ф. - Қазақстан Республикасы Энергетика және көмір өнеркәсібі министрінің орынбасары, төраға

Қарабалин Ұ.С. - Қазақстан Республикасы Мұнай және газ өнеркәсібі министрінің орынбасары, тең төраға

Москаленко Б.Н. - Қазақстан Республикасы Геология және жер қойнауын қорғау министрінің орынбасары, тең төраға

Комиссия мүшелері:

Алимпиев Ю.Н. - "Запқазэнерго" өндірістік бірлестігінің бас директоры

Батуров Л.Т. - Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің басқарма бастығы

Головяшкин Б.А. - "Казахстанэнерго" мемлекеттік энергетика компаниясының бірінші вице-президенті

- Жақсалиев Б.М. - Қазақстан Республикасы Энергетика
және көмір өнеркәсібі министрлігінің
бөлім бастығы
- Жұмабеков Е.М. - Қазақстан Республикасы Министрлер
Кабинеті Іс Басқармасы Мемлекеттік
басқару органдары бөлімінің сектор
менгерушісі
- Исайкин А.А. - Ақтөбе облысының әкімінің орынбасары
- Кешубаев Ғ.Қ. - Қазақстан Республикасы Мұнай және
газ өнеркәсібі министрлігінің бөлім
бастығы
- Ковальчук В.В. - "Казахстанэнерго" мемлекеттік
энергетика компаниясының басқарма
бастығы
- Наговицин Ф.Г. - "Мұнайгаз" мемлекеттік холдинг
компаниясының басқарма бастығы
- Нұғманов Я.Л. - Қазақстан Республикасы Мұнай және газ
өнеркәсібі министрлігінің бөлім бастығы
- Нұрғалиева Е.Н. - Қазақстан Республикасы Әділет
министрінің орынбасары

Қазақстан Республикасы

Премьер-министрінің
1995 жылғы 13 қаңтардағы
N 19 өкіміне
N 2 қосымша

Ақтөбе облысының Кеңқияқ /тұзды/ және Әлібекмола
мұнай кен орындарын бірлесіп игеруге арналған
контрактыны әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының құрамы

- Нұғманов Я.Д. - Қазақстан Республикасы Мұнай және газ
өнеркәсібі министрлігінің бөлім бастығы,
төраға
- Жансейітов Ш.Ф. - Қазақстан Республикасы Экономика
министрлігінің басқарма бастығы,
төрағаның орынбасары
- Қуантаев Н.Е. - Қазақстан Республикасы Геология және

жер қойнауын қорғау министрлігінің
басқарма бастығы, төрағаның орынбасары

Жұмыс тобының мүшелері:

- Абаханов Б.Х. - "Тұлпар" мемлекеттік холдинг
компаниясының бөлім бастығы
- Аймақов Б.Ж. - Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігінің Бас салық инспекциясы
бастығының орынбасары
- Байқадамов С.А. - Қазақстан Республикасы Геология және
жер қойнауын қорғау министрлігінің
Батыс Қазақстан аумақтық басқармасының
бастығы
- Жумин К.Р. - Қазақстан Республикасы Мұнай және газ
өнеркәсібі министрлігінің бөлім
бастығының орынбасары
- Исайкин А.А. - Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары
- Ким В.Х. - Мемкенқадағалаукомы басқармасының
бастығы
- Мамырбаев А. - "Актюбинскнефть" акционерлік
қоғамының вице-президенті
- Мұратов И.Ұ. - "Мұнайгаз" мемлекеттік холдинг
компаниясының басқарма бастығы
- Перевезенцев Л.Н. - "Актюбинскнефть" акционерлік қоғамының
вице-президенті
- Сиражиев Н.Ж. - Қазақстан Республикасы Экология және
биоресурстар министрлігінің бас
сарапшысы
- Хасанов Б.К. - "ҚазНИПИнефть" институты директорының
орынбасары